

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 5 тамыздағы N 1084 және 1998 жылғы 7 шілдедегі N 647 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 468 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.01. N 922 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер
е н г і з і л с і н :

1) "Қазақстан Республикасында СПИД-тің алдын алу және онымен күрес
жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің 1995 жылғы 5 тамыздағы N 1084 қаулысына (Қазақстан
Республикасының ПУКЖ-ы, 1995 ж., N 27, 322-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген СПИД-тің алдын алу және онымен күрес
жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа
р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н ;

2) "Қазақстан Республикасында СПИД-тің алдын алу және оған қарсы күрес
жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1998 жылғы 7 шілдедегі N 647 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа
редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 20 мамырдағы
N 468 қаулысына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 5 тамыздағы N 1084
қаулысымен бекітілген

**ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі¹
туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кенесі (бұдан әрі - Кенес) Қазақстан Республикасының аумағында АҚТҚ инфекциясы таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізуде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, халықаралық және басқа да ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

2. Кенестің құрамына мүдделі орталық атқарушы органдардың, халықаралық және басқа да ұйымдардың өкілдері кіреді.

3. Кенес өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Кенестің негізгі міндеттері мен функциялары

4. Кенестің негізгі міндеттері мыналар бойынша ұсыныстар әзірлеу болып та б ы л а д ы :

1) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес мәселелеріне қатысты бөлігінде заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру;

2) АҚТҚ/ЖҚТБ таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру мен халықаралық және басқа да ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

3) АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша эпидемиологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

5. Кенестің негізгі функциялары мыналар бойынша ұсыныстар әзірлеу болып та б ы л а д ы :

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың АҚТҚ/ЖҚТБ мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жетілдіру;

2) халықаралық және басқа да ұйымдармен АҚТҚ/ЖҚТБ мәселелері бойынша өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның індегінен қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаның (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асырылуын қамтамасыз ету;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың АҚТБ/ЖҚТБ-ның алдын алу жөніндегі тиімді іс-шараларды қамтамасыз етуі.

6. Кенес өз міндеттерін іске асыру мен функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдардан Кенестің міндеттерін іске асыруға қажетті ақпаратты сұрауға және алуға;

2) Кеңестің отырыстарында Кеңестің құзыретіне енетін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін тұңдауға;

3) Кеңестің құзыретіне жататын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

7. Кеңесті оның қызметіне басшылық ететін, отырыстарда төрағалық ететін, оның жұмысын жоспарлайтын және Кеңес шешімдерінің іске асырылуын бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары басқарады.

8. Кеңестің хатшысы отырыстың күн тәртібі бойынша ұсыныстар, оны өткізу үшін қажетті құжаттар мен материалдар дайындауды және оны өткізгеннен кейін хаттамаларды ресімдейді.

9. Кеңестің отырыстары хаттамалармен ресімделеді.

10. Шешімдер ашық дауысқа салумен қабылданады және егер олар үшін Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусы берілген болса, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

11. Кеңестің отырыстары жылына кемінде екі рет өткізіледі.

12. Кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі болып табылады.

Қазақстан Ресpubликасы

Үкіметінің

2003 жылғы 20 мамырдағы

№ 468 қаулысына 2-қосымша

Қазақстан Ресpubликасы

Үкіметінің 1998 жылғы 7 шілдедегі

№ 647 қаулысына қосымша

ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы

Мұхаметжанов
Бауыржан Әлімұлы

Досқалиев
Жақсылық Ақмырзаұлы

- Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары, төраға

- Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі,

| | |
|------------------------|---|
| Ерасылова | - ЖҚТБ-ның алдын алу және оған |
| Исидора Бекмұхамедқызы | қарсы күрес жөніндегі республикалық орталықтың бас директоры, хатшы |
| Жұмағұлов | - Қазақстан Республикасы Премьер- |
| Бақытжан Тұрсынұлы | Министрінің Кеңесі Әлеуметтік- мәдени даму бөлімінің меңгерушісі |
| Әбусейітов | - Қазақстан Республикасының Сыртқы |
| Қайрат Куатұлы | істер бірінші вице-министрі |
| Коржова | - Қазақстан Республикасының |
| Наталья Артемовна | Экономика және бюджеттік жоспарлау бірінші вице-министрі |
| Әшитов | - Қазақстан Республикасының Еңбек |
| Батыржан Зайырқанұлы | және халықты әлеуметтік қоргау вице-министрі |
| Белоног | - Қазақстан Республикасының |
| Анатолий Александрович | Денсаулық сақтау вице-министрі, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері |
| Власов | - Қазақстан Республикасының Ішкі |
| Николай Афанасьевич | істер вице-министрі |
| Досжан | - Қазақстан Республикасының |
| Ардақ Дүкенбайұлы | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім вице-министрі |
| Елекеев | - Қазақстан Республикасының Әділет |
| Ирак Қасымұлы | вице-министрі |
| Токсейітов | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Рақымберген | |
| Құрманғалиұлы | |
| Тасболатов | - Қазақстан Республикасының |
| Абай Бөлекбайұлы | Қорғаныс вице-министрі |
| Шәмшидинова | - Қазақстан Республикасының Білім |
| Құләш Ногатайқызы | және ғылым вице-министрі |
| Қанағатов | - Қазақстан Республикасының Туризм |
| Елсияр Баймұхамедұлы | және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары |
| Посмаков | - Қазақстан Республикасының Әділет |
| Петр Николаевич | министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы |

- | | |
|------------------------------------|--|
| Асқаров Альберт Мұхтарұлы | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығы |
| Адамян Рудик | - БҰҰ-ның Орталық Азия елдеріндегі АҚТҚ/ЖҚТБ жөніндегі бірлескен бағдарламасының мемлекетаралық кеңесшісі (келісім бойынша) |
| Шарман Алмас | - Америкалық халықаралық даму жөніндегі агенттіктің жұқпалы аурулар жөніндегі кеңесшісі (келісім бойынша) |
| Тұрмағамбетова Жеміс Өтегенқызы | - Адам құқығы және занды сақтау жөніндегі қазақстандық халықаралық бюро директорының орынбасары (келісім бойынша) |
| Аманжолов Нұралы | - "Шапағат" АҚТҚ-сы бар адамдар мен олардың жақындарын қолдау қоғамдық қайырымдылық қорының президенті (келісім бойынша) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК